



БІЛІМ КІПТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ

№ 2 (200), 2025
Ақпан
Февраль

2011 жылдан бастап ай сайын шығады — С 2011 года выходит ежемесячно

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издаётся с января-февраля 2006
года на казахском и русском языках

**(Республикалық ғылыми-әдістемелік
педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический
педагогический журнал)**

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Н. Жаңарыстан

Development of soft skills (flexible or universal) skills in teaching foreign languages.....3

Б. Таукенова, А. Жекен

Инновациялық білім жолында: Әл-Фараби атындағы мектеп-гимназияның
жаңа белестері 6

Ж. Сүлейменова

Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтарды сіңіру әдістері 9

А. Самыков

Кәсіби домбырашының орындаушылық мәдениеті 11

Г. Кожанова

Музыка сабағындағы ән салу шеберлігін дамыту ерекшеліктері..... 16

А. Сапарғалиев

Математика пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру 19

Х. Турсумбаева

Ойын арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту.....22

А. Абдуалиева

Биология пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру.....26

Б. Кадирова

Кенестік Қазақстанның мәдениеті: білім мен ғылым 30

Ж. Махамбетов

Қазақстандағы 1920-1930 жылдардағы индустрияландыру34

Б. Калабаева

Кеністіктегі арақашықтықтар39

С. Жеткергенов

Virtual reality: How VR works42

А. Қазыкереева

Robin Hood45

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

**БІЛІМ КІПТІ -
КЛЮЧ ЗНАНИЙ**
журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, №10965-Ж
куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды
18.02.2025 ж.
Сандық басылым.
Тапсырысы: 322.
Басылым индексі: 75488

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел:
8 777 303 37 67.
Эл. пошта:
pedagog-ltd@mail.ru

Журнал «Rado Print»
баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

Ә. Дүйсебек — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының вице-президенті.

А. Миразова — ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек ері.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде сақтаңыз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс арқылы, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Учредитель:

ООО «Педагог LTD»

Главный редактор: Г. КУСТАНОВА
Журнал перерегистрирован в Министерстве
связи и информации РК. Свидетельство
№10965-Ж от 20.05.2010 г. Астана.

Подписано в печать 18.02.2025 г.

Печать цифровая.

Заказ 322.

Подписной индекс: 75488

Адрес редакции:

050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

Моб.т.: 8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии

«Rado Print».


Адрес: г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.





Development of soft skills (flexible or universal) skills in teaching foreign languages



Нұржауған
Азаматқызы
ЖАҢАРЫСТАН,
Кеңесту негізгі орта
мектебінің шет тілі пәні
мұғалімі.
Темір ауданы,
Ақтөбе облысы.

Annotation. Relationships play a key role in the work of teachers. In the course of their work, foreign language teachers interact not only with students, but also with parents, school officials, and other members of the educational community. In addition to grammatical rules, they need to familiarize students with cultural peculiarities, traditions and norms, which requires a high level of social intelligence. A language teacher must have a set of flexible skills in order to effectively interact with students and colleagues. The article examines the importance of soft skills in language teaching and ways to integrate them into the educational process, which contributes to the development of intercultural competence and strengthening students' social skills.

Keywords: Development, soft skills,

flexible skills, foreign learning, intercultural competencies, teacher, lesson.

Introduction. Recently, educational institutions have increasingly been paying attention to the importance of flexible skills, which are considered not only an advantage for teachers, but also for students. Flexible skills such as communication, emotional intelligence, leadership, and intercultural awareness play a significant role in students' successful learning and personal development. These skills help teachers not only transfer knowledge, but also build relationships with students, increase their motivation and engagement. This article highlights how foreign language teachers can effectively develop these skills in their teaching approach.

The main part.

Flexible skills help teachers better manage the learning process and build more productive relationships with students. Let's look at the key soft skills that are especially useful in teaching foreign languages.:

1. Communication

Effective communication skills are important for successful teaching. This is not only verbal speech, but also



paraverbal (tone and tempo of voice) and non-verbal (facial expressions, gestures) communication. It is important for the teacher to be able to adapt his communication style depending on the emotional state of the student, creating an atmosphere of trust and openness. For example, nonverbal cues can be used to keep students motivated and create a positive atmosphere in the classroom.

2. Leadership

Leadership skills help teachers create an effective educational environment, as well as maintain respect and attention from students. This is especially important for teachers working in international and culturally diverse groups, where it is necessary to take into account different cultural characteristics. Classroom leadership includes not only managing students' behavior, but also inspiring them to actively participate in the learning process.

3. Cultural awareness

A foreign language teacher needs to understand and take into account cultural differences among students. Cultural awareness helps to create an inclusive atmosphere and teach students respect for differences, which in turn contributes to a better understanding of the language and culture associated with it. It also helps to effectively implement intercultural exchange programs, improving mutual understanding among students.

4. Social and Emotional learning

The emotional state of students influences their learning. It is important not only to teach grammar and vocabulary, but also to take into account the emotional needs of students. This helps to reduce stress and depression, improving attitudes towards learning and creating an atmosphere for a comfortable learning process.

Integration of soft skills into foreign language teaching.

In order to develop students' flexible skills, it is important for teachers to integrate these skills into their lessons. For example, through the practice of speaking and working in groups, where students can develop active listening and collaboration skills. It is also useful to introduce methods such as CLIL (Integrated Content and Language Learning), where students study various subjects in a foreign language, which develops their critical thinking and problem-solving abilities.

The benefits of flexible skills for teachers and students:

- For teachers, flexible skills help strengthen student engagement, resolve conflicts, and ensure successful classroom management.
- For students, flexible skills such as teamwork, critical thinking, and problem solving help not only in language learning, but also in everyday life.

How can students develop flexible skills?

- Encouraging communication and interactivity: By creating opportunities for students to communicate in



a foreign language, you develop their communication skills.

Problem solving: It is important to support students in finding solutions to their learning difficulties, whether it is grammatical rules or cross-cultural differences.

- **Leadership development:** Through group projects and independent work, students learn to take responsibility for their learning and develop leadership skills.

Conclusion. Flexible skills play an important role in learning foreign languages, as they contribute not only to improving language competence, but also to developing social and intercultural awareness. The effective use of flexible skills in the educational process helps to create a positive learning environment, improving students' results and their relationships with others. By developing such skills, teachers help students prepare for successful interaction in a globalized world.

List of literature:

1. Alyokhina N.V., Matushak A.F., Pavlova O.Yu., Tukhvatullina S.Y. Development of hard skills and soft skills when working with vocabulary in English classes // Modern high-tech technologies. – 2022. – No. 12-1. – pp. 94-98. URL: <https://top-technologies.ru/ru/article/view?id=39443> (accessed: 10/01/2023).

2. Goleman D. Borcich R., McKee E. Emotional leadership: the art of managing people based on emotional

intelligence. Moscow: Alpina Publishing House Business Books. 2019. p. 301.

Gaiduchenko E., Marushev A. EQ vs IQ: what is emotional intelligence and how to develop it [Electronic resource] // Electron. dan. - URL: <https://challengelenge.com/article/eq-vs-iq-chto-takoe-emotsionalnyy-intellekt-i-kak-ego-razvivat/> (accessed: 09/20/2023)

Bikkulova O., specialist of the Center for Humanitarian Technologies What are hard and soft skills? [Electronic resource] // Electron. dan. - (accessed: 09/20/2023)

Platonova R.I., Mikhina G. B. The relevance of soft skills in the professional plan of future specialists [Electronic resource] // ANI: pedagogy and psychology. 2020. №4 (25). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/aktualnost-soft-skills-v-professionalnom-plane-buduschih-spetsialistov> (date of access: 09/04/2023).

Abashkina O. Soft skills: the key to a career [Electronic resource] // Electron. Journal of 2020. №2 URL: <http://zhurnal.mipt.rssi.ru>. (<https://www.pro-personal.ru/article/7811-soft-skills-klyuch-k-karere> (date of access: 09/29/2020)

Batsunov S. N., Derecha I.I., Modern determinants of soft skills development [Electronic resource] // Concept. 2022. No. 4. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sovremennye-determinanty-razvitiya-soft-skills> (date of request: 09/01/2023).



Инновациялық білім жолында: Әл-Фараби атындағы мектеп- гимназияның жаңа белестері

Білім беру — адамзат өркениетінің басты қозғаушы күші. Қазіргі заманда білім беру жүйесінің жаңғыруы мен заманауи талаптарға бейімделуі қоғамның негізгі міндеттері болып табылады. Заманауи жаһандық өзгерістер білім жүйесін жетілдіруді, педагогикалық шеберлікті және басқарушылық дағдыларды жаңа деңгейге шығаруды талап етеді. Елімізде осынау жолда талаптарын шындап жүрген білім ошақтарының бірі, Әл-Фараби атындағы №145 мектеп-гимназиясы осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында заманауи тәжірибені үйренуге және енгізуге бағытталған қадамдарды сәтті іске асырып келеді.

2024 жылы мектептің басшылығы мен ұстаздар қауымы «Табысты мектеп: мектеп командасы арқылы білім сапасын басқару» атты 280 сағаттық курсқа қатысып, оның шеңберінде білім беру сапасын арттыру бойынша терең білім мен маңызды тәжірибе алды. Сондай-ақ, қатысушылар Сингапур елінде халықаралық тағылымдамадан өтіп, әлемдік деңгейдегі білім беру философиясымен және инновациялық әдістемелермен танысты. Бұл мақалада Алматыда және Сингапурда алынған білім мен тәжірибелердің мазмұны мен нәтижелері баяндалады.

Алматы қаласындағы курс бары-

сында алынған білім «Табысты мектеп» курсы білім беру сапасын басқаруға бағытталған кешенді бағдарламаларды қамтыды. Оның негізгі мақсаты — мектеп командасының үйлесімді жұмысы арқылы оқушылардың жетістіктерін арттыру. Курстың мазмұны білім беру жүйесінің заманауи талаптарына жауап беретін және көшбасшылық дағдыларды дамытатын тақырыптарды қамтыды. Атап айтқанда, қатысушылар Джон Максвеллдің «Көшбасшылықтың бес деңгейі» теориясымен танысып, оны мектеп ұжымындағы ынтымақтастықты нығайту үшін қалай қолдануға болатынын талқылады.

Максвеллдің моделі көшбасшылықтың әр түрлі аспектілерін түсінуге және практикалық тұрғыда іске асыруға мүмкіндік береді. Бірінші деңгей — лауазымға негізделген көшбасшылық, яғни жетекшінің ұстанымы мен рөліне байланысты. Екінші деңгей — рұқсат, бұл ұжыммен өзара қарым-қатынас орнатып, сенім қалыптастыру кезеңі. Үшінші деңгейде көшбасшы нәтижелер арқылы беделге ие болады, ал төртінші деңгейде — команда мүшелерін дамытуға баса назар аударады. Бесінші деңгей — ең жоғары шындық, мұнда көшбасшы бедел мен құрметтің ең биік шыңына жетеді.

Курс барысында мұғалімдер



Professional Learning Communities (PLC) – мұғалімдердің кәсіби қауымдастығы тұжырымдамасымен танысты. Бұл әдіс мұғалімдерге бірлескен




талдау, жоспарлау және тәжірибе алмасу арқылы білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, «Teach Less, Learn More» (TLLM) бағдарламасы қарастырылды. Бұл тәсіл оқушылардың өздігінен үйренуіне, сыни ойлау қабілетін дамытуға және шығармашылықты арттыруға бағытталған.

Сингапурдағы тағылымдама Әл-Фараби атындағы №145 мектеп-гимназия ұжымы үшін білім беру саласындағы озық тәжірибелермен танысуға бірегей мүмкіндік болды. Қатысушылар Наньян технологиялық университетінде Marshal Cavendish бағдарламасымен оқып, доктор Хо Бун Тионг, мистер Чарльз және доктор Дэвид сияқты танымал профессорлардың дәрістеріне қатысты. Бұл бағдарлама педагогикалық шеберлікті

жетілдіруге, басқару дағдыларын дамытуға және инновациялық әдістемелерді енгізуге бағытталған.

Сингапурдың білім беру жүйесі әлемдегі ең үздік жүйелердің бірі ретінде танылған. Оның негізгі қағидаттары – «өмір бойы оқу», оқыту үдерісінде шығармашылық пен зерттеушілікке басымдық беру, және технологияларды белсенді пайдалану. Доктор Хо Бун Тионгтың «Инновациялық білім беру үшін мұғалімдердің мүмкіндіктерін кеңейту» тақырыбындағы дәрісі мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін ашуға және олардың кәсіби өсуіне жаңа серпін берді. Ол «4 даму кезеңі» тұжырымдамасын ұсынды: ынталандыру, елестету, зерттеу және бағалау. Бұл кезеңдер мұғалімдерді оқытудағы шығармашылық тәсілдерді жетілдіруге бағыттайды.



Сингапур тәжірибесінде «Teach Less, Learn More» (TLLM) бағдарламасы ерекше орын алады. Бұл бағдарлама



оқушылардың дербес оқуына, олардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға баса назар аударады. Сонымен қатар, Professional Learning Communities (PLC) тәсілінің тиімділігі талқыланды. Мұғалімдердің үздіксіз дамуы, инновациялық әдістерді енгізу және оқушылардың жетістіктерін бақылау — Сингапур білім беру жүйесінің басты басымдықтары.

Практикалық білім Сингапурдағы тағылымдама барысында қатысушылар алған білімдерін тәжірибелік тұрғыда қолдану мүмкіндігіне ие болды. Олар инновациялық әдістемелерді, топтық жұмыс тәсілдерін және оқыту үдерісінде технологияларды пайдалануды үйренді. Сонымен қатар, қатысушылар оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа тәсілдерін меңгеріп, бұл білімдерін өз мектептерінде енгізу жоспарларын талқылады.

Тағылымдамадан кейінгі нәтиже Сингапурдан оралғаннан кейін мектеп

ұжымы алған білімдері мен тәжірибелерін практикада қолдануға кірісті. Мұғалімдер арасындағы ынтымақтастық күшейіп, оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға бағытталған жаңа әдістер енгізілді. Сонымен қатар, мектептің стратегиялық даму жоспарына өзгерістер енгізіліп, оның аясында білім сапасын арттыруға бағытталған ұзақ мерзімді мақсаттар айқындалды.

Қорытындылай келе, Әл-Фараби атындағы №145 мектеп-гимназиясының Алматы қаласындағы курс пен Сингапурдағы тағылымдамадан алған тәжірибелері мектептің дамуына жаңа серпін берді. Мұғалімдердің кәсіби өсуі, инновациялық әдістерді енгізу және оқушылардың қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыс — осының барлығы білім сапасын арттырудың тиімді құралына айналды. Бұл тәжірибелер Қазақстанның білім беру жүйесінің дамуына үлгі бола алады және оны одан әрі жетілдіру жолында маңызды рөл атқарады.



**Бейбітгүл Ясинқызы
ТАУКЕНОВА,**
Әл-Фараби атындағы №145
мектеп-гимназия директоры.

Ақжол Алғадайұлы ЖЕКЕН,
Әл-Фараби атындағы №145
мектеп-гимназияның
география-тарих пәні мұғалімі.
Бостандық ауданы,
Алматы қаласы.



Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтарды сіңіру әдістері



**Жанат
Лесбекқызы
СУЛЕЙМЕНОВА,
«PRIZMA school»
жекеменшік
мектебінің
бастауыш сынып
мұғалімі.
Алматы қаласы.**

Бастауыш сынып — баланың бойында білім мен тәрбиенің алғашқы іргетасы қаланатын маңызды кезең. Ал өсіп келе жатқаның тұлғаның бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру — ұлт болашағының тізгінін ұстайтын ұрпақты тәрбиелеудегі ең негізгі міндеттердің бірі.

Қазақ халқының белгілі жазушысы Мұхтар Әуезов: «Ұлт боламын десен, бесігіңді түзе», - деген. Осы тұрғыда ұлттық құндылықтарды дәріптеу отбасы мен мектептің бірлескен міндеті екенін де айта кету керек. Бастауыш сынып мұғалімі баланың тек академиялық білімін ғана емес, оның адамгершілік, рухани қасиеттерін қалыптастыруға жауапты. Қазақ халқының салт-дәстүрлері, тарихи мұрасы, тілі мен ділі бастауыш сынып бағдарламасында ерекше орын алуы тиіс.

Балалар ұлттық тәрбиені сіңіріп өссе, болашақта олардың қазақы рухта тәрбиеленген саналы, мейірімді азамат болып қалыптасатыны анық. Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық

құндылықтарды таныту үшін оқу-тәрбие процесінде дамыта оқыту, сыни ойлау технологиялары, диалогтік оқыту әдістері, сондай-ақ, дидактикалық ойындар мен халық ауыз әдебиетінің түрлі элементі қолданылады. Әдетте сабақ барысында мақал-мәтелдер, жұмбақтар, өтірік өлеңдер, жаңылтпаштар айту тиімді әдіс саналады. Бұл тәсілдер әр оқушының ұлттық санасын қалыптастыруға бағытталады [1].

Оқу барысында арнайы тапсырмалар арқылы оқушыларға қазақ халқының ұлттық мұрасы, құрал-саймандары, әшекей бұйымдары, музыкалық аспаптары мен салт-дәстүрлері жайлы білім берудің мәні тереңде. Себебі бұл арқылы балалардың сөздік қоры байып, сөйлеу дағдысы мен шығармашылық ойлау қабілеті дамиды. Сонымен қатар, олардың ұлттық санасезімі мен ұлтжандылық қасиеттері қалыптасады.

«Оқушыларды оқу-тәрбие процесінде ұлттық құндылықтар арқылы ұлтжандылыққа қалай тәрбиелеуге болады?» деген сұрақ туындайды. Бұл мәселе бастауыш сынып мұғалімдерінің басты міндеті болып саналады. Мұғалім шәкірттердің бойына отансүйгіштік пен ұлттық мәдениетті сіңіріп, алғашқы ұлттық тәрбие негізін қалыптастырады. Сондықтан әрбір мұғалім оқу жоспарын жасағанда оқулық материалдарымен шектелмей, қосымша ақпарат көзін пайдаланып,



оқушылардың рухани байлығын арттыруға жағдай жасауы қажет.

Мектептегі ұлттық тәрбие үлгілері ретінде мынадай әдістерді айта кеткен жөн:

Ең алдымен кез келген ұлттың тәрбиесінде ана тілінің маңызы зор. Сондықтан қазақ тілін тереңдетіп оқытуды бастауыш сыныптан қолға алу керек. Әсіресе, таза қазақша сөйлей алмайтын қала балалары үшін мұның айтарлықтай маңызы бар. Бастауыш сыныпта ана тілін меңгерту тек грамматиканы үйрету емес, қазақша ойлау мен дұрыс сөйлеуді қалыптастыру арқылы жүзеге асады. Мұнда мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, халық ертегілерін оқыту маңызды рөл атқарады. Әрбір сабақта ана тіліміздегі бейнелі сөздерді қолдану баланың сөздің қорының бай болуына ықпал етеді.

Сабақ барысында ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеуге мән беру керек. Мысалы «Бесіктой», «Тұсаукесер», «Шашу», «Шілдеhana», «Бата беру», «Наурыз мейрамы», «Атқа мінгізу», «Асар», «Жеті қазына» сияқты салт-дәстүрлер мен жоралғыларды интерактивті түрде көрсету оқушылардың қызығушылығын арттырып, жадында сақталады. Оған қоса оқушыларды түрлі рөлге енгізіп, көрініс ұйымдастыру арқылы ұлттық болмысқа тән дүниелерді олардың санасына терең сіңіруге болады [2].

Балаларға рухани байлықты, мейірім мен сыйластықты көрсететін қазақ жазушыларының шығармаларын оқыту үшін кітап оқу дағдысын қалыптастыру маңызды. Мысалы, Абай өлеңдері Ыбырай Алтынсарин, Мұхтар Әуезов сынды көптеген қа-

зақ ақын-жазушыларының өлеңдері мен әңгімелері тәрбие мен білімнің ең тиімді құралдары болатыны сөзсіз. «Бала шақтан — дана шаққа» ұстанымымен оқушыларды кітап оқуға баулу олардың ой-өрісін кеңейтеді.

Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтарды түсіндірудің тағы бір тиімді тәсілі — қазақтың дәстүрлі фильмдері мен мультфильмдерінен үзінді көрсету. Мысалы, «Алдар көсе», «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» сынды қазақша туындылардан үзінді көрсетіп, оқиға желісі мен кейіпкерлердің әрекеттерін талқылау арқылы оқушыларды ойландырып, адамгершілік құндылықтарын бойға сіңіруге болады [3].

Сабақты талқылау барысында оқушыларға осы секілді сұрақтар қойып, кері байланыс жасауға болады:

1. Алдар көсе туралы не білесің?
2. Егер сен Алдар көсенің орнында болсаң, не істер едің?
3. Оның әрекеттері дұрыс па?

Оқушыларға фильм немесе мультфильм желісіндегі ұлттық нақыштағы заттарға ерекше көңіл бөлуге бағыт беру маңызды. Мысалы, ұлттық киімдер, киіз үй, ою-өрнектер, әшекей бұйымдар, ыдыс-аяқтар сияқты заттарды талқылап, олардың ерекшеліктерін түсіндірген дұрыс. Бұл оқушыларға қазақтың ұлттық мәдениетінің ерекшелігін тануға көмектеседі.

Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтарды сіңірудің мақсаты рухы мықты, санасы ояу, елін сүйетін, ұлттық мәдениетке құрметпен қарайтын азамат тәрбиелеуде жатыр. Мектеп қабырғасында ұлттық болмысы қалыптасқан бала болашақта халық



мүддесін қорғайтын тұлға болады.

Бауыржан Момышұлының: «Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» деген нақыл сөзі осы орайда өзекті. Бастауышта ұлттық құндылықтарға негізделген тәртіп пен тәрбиені қалыптастыру еліміздің жарқын болашағына салынған берік көпір болмақ [4].

Ұлттық құндылықтарды бала жас-тан бойға сіңіру — ұлт болашағы үшін жасалатын маңызды қадам. Мейірімділікке негізделген, ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптейтін тәрбие көзі балалардың жан-дүниесін байытып қана қоймай, оларды адамгершілікке баулиды. Ел болашағы ұлттық рухты биік

ұстайтын, терең білімді, тәрбиелі ұрпақтың қолында. Ал мектеп табалдырығынан басталатын ұрпақ тәрбиесі — әрбір мұғалімнің абыройлы борышы.

Әдебиеттер тізімі:

1. С. Ғаббасов. Халық педагогикасының негіздері монографиясы. — Алматы, 1995;
2. Қазақтың салт-дәстүрлері. Құрастырған: Ә. Тауұлы. — Алматы: Балауса баспасы, 2017;
3. А. Дүйсенбайқызы. Мультфильмдердің бала тәрбиесіне әсері қандай? «Ана тілі» газеті. — 28.03.2013;
4. Ә.Е. Жұмабаева, М.Н. Оспанбекова. Сауат ашу. Оқыту әдістемесі. — Алматы: Атамұра, 2016. — 192 б.



Кәсіби домбырашының орындаушылық мәдениеті

Түйіндеме. Автор өз мақаласында болашақ домбырашы-мамандардың кәсіби орындаушылық мәдениетіне қатысты өзінің музыкалық-педагогикалық тәжірибесіне сүйене отырып, домбырашының орындаушылық мәдениетіне қатысты ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасайды. Болашақ домбырашы-маманның кәсіби құзыреттілігіне қатысты музыкалық теориялық білімнен бастап, сахнада өзін-өзі ұстауы, топпен орындаудағы талаптар, техникалық шеберлік, музыкалық интерпретация, дыбыстық сапаға дейін сезінуін түсіндіреді.

Кілттік сөздер: кәсіби домбырашы, болашақ домбырашы-маман, орындаушылық мәдениет, музыкалық-теориялық білім

Аннотация. В своей статье автор, опираясь на свой музыкально-педагогический опыт работы с профессиональной исполнительской культурой будущих домбристов-специалистов, делает научно-методические рекомендации отно-



сительно исполнительской культуры домбриста. Будущему домбристу-специалисту разъясняется его чувство, касающееся профессиональной компетентности, от теоретических знаний музыки до поведения на сцене, требований к групповому исполнению, технического мастерства, музыкальной интерпретации, качества звука.

Ключевые слова: профессиональный домбрист, будущий домбрист-специалист, исполнительская культура, музыкально-теоретические знания

Annotation. In his article, the author, based on his musical and pedagogical experience working with the professional performing culture of future dombrist specialists, makes scientific and methodological recommendations regarding the performing culture of dombrist. The future dombrist specialist explains his feelings regarding professional competence, from theoretical knowledge of music to behavior on stage, requirements for group performance, technical skills, musical interpretation, sound quality.

Keywords: professional dombrist, future dombrist specialist, performing culture, musical and theoretical knowledge

Қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрінде домбыра ерекше орын алады. Домбыра — қазақтың ұлттық музыкалық мұрасының басты құралы, әрі өнердің айнасы. Сондықтан, домбырашының орындаушылық мәдениеті тек музыкалық шеберлікпен ғана шектелмейді, ол жеке тұлғаның дамуына, шығармашылық әлеуетін ашуға, халықтың рухани мұрасын сақтауға тікелей ықпал етеді. Кәсіби домбырашының орындаушылық мәдениеті оның техникалық шеберлігі мен музыкалық білімінің деңгейімен бірге, шығармашылық тұлғасының айқындығын білдіреді. Осы мақаланың мақсаты — болашақ домбырашылардың орындаушылық мәдениетіне қатысты ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасау.

Кәсіби орындаушылық мәдениет дегеніміз — бұл орындаушының му-

зыкалық шығарманы шебер орындау үшін қажетті дағдылар мен техникалық шеберлікті меңгеруі ғана емес, сонымен қатар оның жан дүниесі мен шығармашылық көзқарасы, тыңдаушылармен байланысты сезінуі. Домбырашының мәдениеті оның шығармашылығына және өнерге деген терең түсінігін қалыптастырады, бұл өз кезегінде орындаушылық деңгейінің жоғары болуына ықпал етеді. Домбырашының орындаушылық мәдениетінің басты аспектілеріне оның техникалық дайындығы, музыкалық интерпретациясы, эмоциялық толғанысы мен шығармашылық стилі жатады. Техникалық шеберлікпен қатар, домбырашының эмоционалды әлеуеті мен шығармашылық көзқарасы оның өнерінің ерекшелігін көрсетеді. Орындаушы өз шығармаларын тек күй мен әуен арқылы емес, өзінің ішкі әлемі мен сезімдерінен шыға-



рады, тындарманды өзіндік әлеміне тартады [1].

Кәсіби домбырашының орындаушылық мәдениеті тек тәжірибемен емес, сонымен бірге жоғары деңгейдегі музыкалық біліммен қалыптасады. Домбырашының музыкалық білім алу процесі теория мен практика арасындағы тепе-теңдікті сақтау арқылы жүзеге асады. Теориялық білім домбырашының музыкалық шығарманы дұрыс интерпретациялауына көмектеседі, ал практикалық тәжірибе оны орындаудың нақты дағдыларына үйретеді. Әсіресе, арнайы музыка мектептері мен жоғары оқу орындарының рөлі үлкен. Бұл оқу орындары болашақ орындаушыларды тек техникалық тұрғыда емес, шығармашылық тұрғыда да дайындайды, олардың өнерге деген сүйіспеншілігін арттырады.

Кәсіби домбырашының орындаушылық мәдениетінің қалыптасуы — бұл үздіксіз процесс, ол тек техникалық дайындықпен шектелмейді, сонымен бірге шығармашылық әлеуетті ашу мен өнерге деген терең сүйіспеншілікті қамтиды. Болашақ домбырашыларға арналған ғылыми-әдістемелік ұсыныстар бұл бағытта маңызды рөл атқаратын болады [2]. Жастарға домбыра өнерін терең меңгеріп, оны тек техника тұрғысынан ғана емес, адамгершілік және рухани деңгейде де бағалай білуді үйрету қажет.

Домбырашылардан талап етілетін шеберлік бірнеше аспектіден тұрады. Кәсіби домбырашының орындау-

шылық мәдениеті жоғары деңгейдегі шеберлікті, техникалық дағдыларды және шығармашылық көзқарасты қамтиды. Мұнда негізгі талаптарды атап өтейік:

1. Техникалық шеберлік. Домбырашының техникалық шеберлігі оның орындаушылық дағдылары мен музыкалық шығармаларды дұрыс орындау қабілетімен сипатталады. Бұған мыналар кіреді:

Қолдың техникалық дайындығы: домбыраның күйін дұрыс тарту, пернелерді дәл басу, саусақтардың икемділігі мен жылдамдығы. Бұл домбырашының музыкалық шығарманы таза, анық және ырғақты орындауын қамтамасыз етеді.

Қол саусақтарының үйлесімі мен бағыты: оң және сол қолдың үйлесімді жұмыс істеуі қажет. Оң қолдың саусақтары мен іріктеуі, сол қолдың пернелерді дұрыс басуы домбырашының техникасын анықтайды.

Тональдық есту қабілеті: домбырашының әуенді дұрыс естуі және оны мінсіз орындауы үшін тональдық есту қабілеті өте маңызды. Әуеннің биіктігі мен күйдің ішкі эмоциясын дұрыс жеткізу үшін тыңдаушымен байланысты сезіну керек.

2. Музыкалық интерпретация. Домбырашы тек музыкалық шығарманы орындап қана қоймай, оны тыңдарманға жеткізуі керек. Бұл жерде домбырашының музыкалық интерпретациясы, шығарманың мазмұнын



ашуы, өз эмоциясын көрсетуі маңызды рөл атқарады.

Техника мен эмоцияның үйлесімі: техникалық шеберлікке қосымша, шығарманың эмоциялық күйін, тональдығын және орындаушының сезімін көрсету маңызды. Домбырашының шығарманы орындау кезінде өзіндік бейнелеу мен орындаушылық қолтаңбасы болуы керек.

Жаңашылдық және жеке стиль: домбырашы тек классикалық күйді ғана емес, жаңа интерпретациялар мен өз стилін де қалыптастыруы мүмкін. Осыған орай, домбырашының шығармашылық көзқарасы маңызды.

3. Тыңдаушыны сезіну және сахналық мәдениет. *Сахналық мәдениет:* домбырашы тек техникалық жағынан ғана емес, сахналық мәдениет жағынан да дайын болуы тиіс. Сахнада өзін сенімді ұстау, көрерменмен байланыс орнату, музыкалық шығармаға сәйкес келген киім кию – бәрі орындаушының сахналық мәдениетін көрсетеді.

Қатынас орнату: тыңдаушыны тарту, орындаудың ішкі сезімін көрсету, музыка мен сахна арқылы эмоцияларды жеткізу маңызды. Күйдің нәзіктігі мен қуатын тыңдаушыға түсінікті етіп жеткізу, оның көңілін аудару үшін сахналық мәдениет аса маңызды.

4. Ритм және динамика. Домбырашы шығарманың ритмін, уақыт бірліктерін сақтау арқылы музыканың дұрыс орындалуын қамтамасыз етуі керек.

Ритм мен динамика арасындағы өзгерістерді сезіну, музыканың ішкі күйін дұрыс беру маңызды.

5. Шығармашылық қабілет. *Өнерге деген сүйіспеншілік:* күйші-домбырашы ұлт мәдениетінің негізін қалайтын өз өнерін шын жүректен сүйіп, оған деген махаббатпен қарауы тиіс. Шығармашылық дағдысы мен шығармашылық еркіндігі тек техникалық дайындықтан ғана емес, күйшінің ішкі дүниесінің тазалығынан да туындайды.

Жаңашылдық және түрлендіру: домбырашы орындайтын күйінің табиғатын, өзіндік сипатын терең түсініп, шығарманы орындау кезінде өздігінен жаңаша ойлау қабілетін көрсете білуі керек. Егер ол классикалық шығармаларды орындаса да қазіргі заманға сай жаңаша интерпретациялап, тыңдаушыға жаңа көзқарас ұсыну мүмкіндігі бар [3].

6. Музыкалық теориядан білімі. *Әуен мен гармонияны түсіну:* домбырашы музыкалық теорияны, гармониялық құрылымдарды білуі керек, бұл оған шығарманы дұрыс орындауға және оны тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Күй композицияларының құрылымы: домбырашы белгілі бір күйді орындау кезінде оның құрылымын, ерекшеліктерін, ырғақтық және мелодиялық бағыттарын зерттеп, шығарманы сауатты жеткізе білуі керек.



7. Ұстаздық және топпен жұмыс істеу. Кәсіби домбырашы өз жеке өнерімен қатар, үйретуші ролінде топты басқарып және топта да жұмыс істей білуі керек. Оркестрмен немесе ансамбльмен жұмыс істегенде, ол әріптестерімен үндесіп, музыкамен үйлесімді болуға тырысуы тиіс.

8. Дыбыстық сапа. Домбырашының орындауында дыбыстың сапасы да маңызды. Шығарманың әрбір нота, әрбір динамикалық белгілер өзара үндесіп, тыңдаушыға жағымды әсер қалдыруы керек. Домбырашы тек техникалық дұрыс орындап қана қоймай, дыбыстың тазалығы мен байлығына да назар аударуы керек.

Осылайша, кәсіби домбырашыдан жоғары деңгейдегі шеберлік талап етіледі. Бұл талаптар оның тек техникалық дайындық, эмоционалдық толғаныс пен шығармашылық қабілетін ғана емес, сондай-ақ сахнадағы мәдениет пен тыңдаушымен байланысын да қамтиды [4].

Қорытынды

Жалпы, болашақ домбырашы болуды кәсіби деңгейде меңгеруді таңдағандар домбырашының орындаушылық мәдениетінің мәнін түсініп, техникалық шеберлік, эмоционалдық толғаныс, шығармашылық көзқарас, жеке стиль, т.б. білуі қажет. Болашақ домбырашының орындаушылық мәдениет пен музыкаға, оның ішінде күй өнеріне деген көзқарасы арасындағы байланыстың болуы шарт. Сонымен қатар, домбырашының тұлғалық және музыкалық ерекшеліктері,

жеке адами қасиеттері: табандылық, еңбекқорлық, мәдениеттілік, музыкалық қабілеттер мен техникалық дағдыларын ұштайды.

Қазақтың ұлттық өнеріндегі домбырашының тұлғасы және оның орындаушылық мәдениетінде музыкалық білім мен тәжірибенің рөлі, яғни практикалық дағдыларының үйлесімі — әрдайым жоғары. Сондықтан үнемі ізденісте болғаны дұрыс. Еліміздегі арнайы оқу орындарының танымал ұстаздарының сабақтарына, олардың курстарына қатысып, шеберліктерін шыңдауы қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Жайымов А. Домбыра ойнау өнері. — Алматы 1989.
2. Әбуғазы М. Қазақтың домбыра өнері. — Алматы: «Нұрсәт», 2016. - 480 б.
3. Рамазан Ж. Домбырада ойнау шеберлігін қалай арттыруға болады? <https://aikyn.kz/256358/dombyrada-oinau-sheberligin-k-alay-arttyrug-a-bolady>
4. Тлегенов Н. Домбыраның «Пәганиниі» <https://atr.kz/zhanalyqtar/dombyirany-i-paganinii/>

**Аманжол Семейханұлы
САМЫКОВ,
М. Төлебаев атындағы
Семей музыка училищесінің
домбыра пәні ұстазы.
Семей қаласы,
Абай облысы.**



Музыка сабағындағы ән салу шеберлігін дамыту ерекшеліктері

Мектептегі оқу-тәрбие жұмысының практикасында балалардың ән айту мәдениетін қалыптастыруға басты орын беріледі, оның бір түрі — әнді хормен орындау болып табылады. Мектептегі музыка сабағы балаларға ән айтқызу, оны мәнерлеп орындау, музыканы дұрыс тыңдап, әсерлі жеткізе білуге баулу.

Ән — адамның жан серігі, қуанғанда бой сергітіп, күйзелгенде көңіл жұбатар, жорық жолдарында жігер қосар жайсаң жанр. Оның өміршеңдігі осындай қасиеттерге байланысты. Абай атамыз айтқандай, «Әннің де естісі бар, есері бар». Сол себепті бастауыш мектеп оқушыларына әр түрлі әндер сұрыпталып алынады.

Ән салу — ұлттық дәстүріміздің жалғасы. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларына әндерді сұрыптағанда — қазағымыздың тума тамаша ақын, әнші, серілерінің әндерін де үйретуге және тыңдатуға болады. Ол: Майра, Естай, Жаяу Мұса, Біржан сал, Ақан сері, Мәди, Әсет, Кенен, Ғарифолла, Дәнеш Рақышев музыкалық мұрасын мазмұндық жағынан байытқан жас композиторлар шығармаларынан да қосуға болады. Осыған орай мектеп бағдарламасына Б. Ғизатов, К. Дүйсекеев, К. Қуатбаев, Ш. Құлманова, т.б. шығармалары сұрыпталып алынады.

Мектеп оқушыларына ән жанрының ерекше әсер ететінін көптеген

ғалымдар дәлелдеп берген. Ән — тыңдаушы және орындаушыға бейнелі сөз арқылы әсер ете отырып, айтушының өзіндік сезімін білдіруге мүмкіндік туғызып қана қоймайды, сонымен қатар өзгелердің де эмоциясын ұғыну, түсіну сезімдерін оятады, яғни әрбір оқушының өз сезімін музыка арқылы бере білуі, музыканы тереңірек түсіну процесі. К.Д. Ушинский: «Хормен айтылатын әндер адамды көңілдендіріп, сергітіп, еңбекке жұмылдыратын, ортақ іске құштарландыратын өнердің бір түрі. Ол сезімді күшейтеді, жүректің қан тамырларына жақсы әсер етеді, сезімді тәрбиелейді. Сондықтан, ән баланың өмірлік серігі, оның бос уақытын толтырып шығармашылық ойына көмектеседі», - дейді.

Ән айтуға үйрету үрдісі баладан үлкен белсенділікті және ой қуатын талап етеді. Ол өзінің ән айтуын басқалардың ән айтуымен салыстырады, музыкалық фразаларды, жаттығулардың әр түрлі сипаттарын салыстыруды, әннің орындалу сапасын бағалауды үйретеді.

Ән айту оқушылардың организміне жайлы тиіп, сөйлеу қабілетін жетілдіруіне, тынысын тереңдетуіне, дауыс аппараттарын шынықтыруға көмектеседі. Ән айту үрдісінде баланың негізгі музыкалық қабілеттері, эмоциялық алғыштығы, музыкалық есту қабілеті, ырғақты сезіну айрық-



ша тез дамиды. Оқушының жан-жақты жарасымды жетілдіру міндеттерін шешуде елеулі міндет атқара отырып, ән айту музыкалық тәрбиенің аса маңызды құралы болып табылады.

Ән салудың көркемдік-педагогикалық маңызы ол музыкалық бейнелердің мазмұнын оқушылардың дұрыс түсінуіне қажетті дағдыларды қалыптастырып, әнді еркін, табиғи орындау үстінде өзінің сезімдерін көрсетуіне көмектесіп, өзіне түсінікті, қызықты, жеңіл әндерді шын пейілмен әсерлі орындауға үйрету.

Ән үйрету үрдісіндегі негізгі міндеттер:

- Оқушыларға әнді әсерлі орындауға көмектесіп, дағдыларын қалыптастыру;
- Оқушыларға сабақ тақырыбына лайықты шығармаларды іріктеу;
- Музыкалық есту қабілетін дамыту, дыбыстардың биіктігін, ұзақтығын, әннің өзгеру бағытын анықтау;
- Сабақта ән айту барысында шулы музыкалық аспаптармен қосылып ойнау;
- Ойдан құрастыру шығармашылық дағдысын қалыптастыру;
- Оқушылардың ән айту және музыкалық жетістіктерін бағалай білуге көмектесу;
- Өз іс-әрекетін қадағалай білу;
- Ән айту, үйрету үрдісі сыныптың әр түрлі мінез-құлқын дұрыс меңгеруді талап етеді.

Ән салу — күрделі үрдіс. Ол есту мен дауысты үйлестіру, яғни дыбыс шы-

ғару мен оны есту және резонаторлардың өзара әрекеттерін қадағалай білу деген сөз. Оқушылардың дауыс аймағын білу репертуардың дұрыс іріктелуіне көмектеседі. Дауыс аумағы дегеніміз — дауыс еркін жететін ең төменгіден, ең биік дыбысқа дейінгі аралық айқындалатын дыбыстар көлемі. Оқушылардың жасына байланысты ән айту диапазонының ерекшелігін көптеген ғалымдар зерттеген, олар: Н.Д. Орлова, Е.И. Алмазов, Н.А. Ветлугина, Д.Б. Кабалевский. Көптеген оқушылардың бірінші және екінші «до¹ — до²» шамасынан биігірек дыбыстарды айта алатынына қарамастан, дәл осы шамада оқушылар дауысының еркін, табиғи шығатынын айтқан.

Жас ерекшеліктеріне қарай әнді таңдай біліп, дауыстарының еркін жетуін қадағалау қажет. Оқушылардың тым айқайлап, ән айтуға еліктемей, қатты сөйлемей, суық ауада ән айтпауын ескерту керек. Оқушыларға бірінші сыныпта нотамен ән үйрету өте қиын, сондықтан бастауыш сыныптың балаларына естіп отырған дыбыстың биіктігі мен ұзақтығын және сол ырғақтың графикалық суретін тақтаға жазу арқылы үйретуге болады. (жоғары, төмен, қысқа немесе ұзынша таяқшалар)

Бірінші сынып оқушыларына әнді, жаттығу үйрету барысында олардың жеке музыкалық даму ерекшеліктерін есте сақтау керек. Оқушылар өте сезімтал, сенгіш, ал ұстаздардың міндеті — осындай қасиеттерін еске ала



отырып, оларға шығармашылық тұрғыда көмек беруі қажет. Сол себепті, музыка сабағында әр түрлі ойын түрлері арқылы, кейбір қиын музыкалық шығармаларды тез түсініп қабылдай алу әбден мүмкін.

Ән үйретуде бірінші мақсат — оқушылардың көңілін аудару, әнді үйрету қабілетін, сүйіспеншілігін арттыру, сондықтан әнді орындау көркемдік жағынан жоғары болуды талап етеді. Күйсандықты тыңдатып немесе мұғалім өзі нақышына келтіріп орындап, оқушыларға ән ұнайтындай болуы талап етіледі. Жай, қарапайым ән болса, оның сөзін, мағынасын, мазмұнын оқушыларға әдемі түрде жеткізе білу керек. Әннің мазмұнын түсінікті жеткізе білу керек. Ең негізгі мақсат — әннің көркемдік бейнесін табу. Мысалы: кіші сынып оқушыларына ойнақы, көңілді әндер ұнайды, сондықтан қимыл-қозғалыс арқылы үйрету өте тиімді.

Әнді үйрету алдында мұғалім мына схемамен талдауға болады:

1. Тәрбиелік құндылығы: музыкалық бейнелеудің негізгі идеясы мен сипаты;

2. Әдеби мәтінінің жалпылама көркемдік сапасы, ерекшеліктері-қаратпа сөздердің, диалогтарының, айтылуы жағынан мәнді сөздерінің болуы;

3. Әнді: әуеннің сипаты, интона-

циялық әсерлігі, саз, мөлшері, аумағы;

4. Аспаппен сүйемелдеуі (баян, фортепиано, домбыра);

5. Әннің құрылымы (формасы): бір бөлімді, екі бөлімді.

Әнді сөзімен, фраза бойынша үйретсе, оқушылар тез қабылдайды. Ән айту кезінде дұрыс тыныс алу әннің сапалы шығуына әбден мүмкін.

Әнді нақышына келтіріп орындау жұмысы. Бұл бөлік ең соңғы кезең. Оқушылар әннің сөзін, әуенін жаттап алған соң, орындау барысында әннің көп кемшілігін өздері табады. Әрине, әннің сапалы орындалуына оның шығу тарихы, композиторлардың өмірі жайлы қызықты әңгіме оқушыларға көп көмегін тидіруі сөзсіз. Әнді орындау барысында мынандай қағидалар естен шығармау керек, олар:

- Әнді шың-күйіне жеткізе орындау;

- Әнді орындау барысында, әннің мазмұнын, әуенін ойлау;

- Ән орындау барысында динамикалық белгілерге мән беру.

Гульнар Жаксыбалаевна

КОЖАНОВА,

Қожа Ахмет Яссауи атындағы

№123 мектеп-гимназияның музыка

пәні мұғалімі.

Әуезов ауданы,

Алматы қаласы.



Математика пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру

Әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы — білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мақсаты негізге алынып отыр. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз — оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Егер осы шарттар бастауыш сыныпта орындалғанда оқушының функционалдық сауаттылығы қалыптасады.

Оқушылардың функционалдық дағдылары мектеп қабырғасында қалыптасады. Қазіргі тез өзгермелі әлемде функционалдық сауаттылық — оқушының әлеуметтік мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор болып табылады. Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық

сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр. Осыған орай алған білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен даярлықты білдіретін құзыреттіліктерді қалыптастыру үздіксіз білім беру жүйесінің маңызды буыны болып саналатын жалпы білім беретін орта мектептердегі әрбір пәнді оқытудың да басым бағыттарының бірі болып табылады. Функционалдық сауаттылық оқушылардың танымдық қабілеттерінің деңгейін және оқушылардың өнімді жұмысының көрсеткішін білім деңгейі ретінде қарастырады. Бұл деңгей өмірдің әр түрлі саласындағы тапсырмаларды шешуде мектептік білім мазмұнының қолданбалық сипатына және оқушылардың игерген біліміне негізделеді. Сондықтан, қоғамдағы өмірлік пен практикалық іс-әрекеттердің дағдылары мен әлеуметтік іс-тәжірибені меңгеру үшін оқушылардың білім алу барысында негізгі және пәндік құзыреттіліктері қалыптасуы тиіс.

Оның мақсаты — оқушылардың салалық сауаттылығын дамыту арқылы, тиімді қызмет түрлеріне бейімдеу. Ұлттық жоспардың мақсаты — мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау болып табылады. Қазіргі таңдағы



еліміздегі өзгерістер, тұрақты дамудың жаңа стратегиялық бағыттары және қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы, қарқындылығы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Білім берудің жаңа үлгісін ендіру тұлғаны дамыту үдерісі ретінде тәрбиеге басты назар аударылуда.

• Білім беру сапасының мониторингі функционалдық сауаттылықтың негізгі бағыттары арқылы іске асады:

- Оқу және жазу сауаттылық;
- Жаратылыстану ғылымдарындағы сауаттылық;
- Компьютерлік сауаттылық;
- Математикалық сауаттылық;
- Денсаулық сауаттылық;
- Құқықтық сауаттылық.

Оқу және жазу сауаттылығы

Оқушылардың көне дүниелермен танысу, білу, құштарлану құзыреттілігін қалыптастыру. Көрген-білгендерін тиянақты түрде мазмұндап жеткізу.

Жаратылыстану ғылымындағы сауаттылық

Оқушының ғылыми дүниетанымын қалыптастырып, ғылыми білім жүйесіне негізделіп, танымның логикалық-саналы тәсілдеріне арқа сүйей отырып, оқушыға берілетін теориялық біліммен сипатталып, ғылыми категориялар мен дәлелдерді кеңінен пайдалануға машықтандырады.

Компьютерлік сауаттылық

Оқушының ақпараттық мәдениеттілігін, алгоритмдік ойлауын қалыптастыру және эмоциялық қабылдау түрлері мен есте сақтауын дамыту.

Математикалық сауаттылық

Математикалық сөйлеу және жазу

мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып үйренудің оқушылардың дүниенің ғылыми бейнесін меңгерудігі басты құралы ретінде көрінеді.

Денсаулық сауаттылығы

Дені сау, жаны сау оқушы тұлғасын қалыптастыру.

Құқықтық сауаттылық

Оқушының құқықтық білімін жақсарту, құқықтық ұғыну, өз құқықтары мен бостандықтарын, міндеттерін білу, заң күшіне сену, т.б.

Математикалық сауаттылықтың әдістемесі мазмұнын кіші жастағы

оқушыларға математиканы оқытудың әдістемелік ерекшеліктерін сипаттайтын ережелер, сондай-ақ оқытуда дамытушылық және тұлғалық-іскерлік тұрғыдан қарау әрекетін құрайды. Математика пәнінің басты мақсаты — оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту. Логикалық ойлау қабілетін арттыруда есептің атқаратын ролі зор. Себебі, есеп шығару — мидың гимнастикасы. Логикалық ойлау қабілеті жоғары оқушы қай пәннің материалын болса да оңай меңгеріп тез түсінеді. Сондықтан бұл пәннен оқу үлгірімі жақсы оқушының басқа пәндерден де үлгірімі жақсы болады. Себебі әр пәннің оқу материалдары мазмұндары жағынан әр түрлі болғанымен оны игерудегі логикалық ойлау операциялары мен ой қорыту формалары бірдей болып келеді.

Математикалық есептердің тәрбиелік мәні зор. Есеп шығару кезінде төзімділік пен табандылық қалыптасады. Тиімді шешімді іздеу жазудың, сызу-



дың ықшамдығы мен мұқияттығын керек етеді. Ойлаудың ерекше математикалық стиліне тәрбиелейді.

- Талқылаудың, формальдік-логикалық сұлбасын сақтау (талдау, құру);
- Талқылаудың, формальдік-логикалық сұлбасын сақтау (талдау, құру, дәлелдеу, зерттеу);
- Ойдың ықшамдығы;
- Ойлау барысының ықшамдығы;
- Математикалық символикалық дәл қолдану;

Оқушы біліміне мұғалім берген баға оқушының іштей өзін-өзі бағалауына сай келмесе, оның белсенділігіне теріс ықпал етеді, яғни, көтерме баға оқуға деген тұтынушылық қатынасты дамытуға, мұғалім беделін түсіруге соқтырады, ал төмен баға қою жағымсыз сезім, өз мүмкіндігіне сенімсіздік, кейде даудамай тудырады.

Есеп шығару, талдау есептер жүйесін құрудың мынадай әдістемелік ерекшеліктерін анықтауға жол ашты:

1) есеп мазмұнындағы мәліметтердің ғылымилығы;

2) есеп шығаруды үйретудің дамытушы сипаты;

3) есепті кәсіби түрде шығара білуді қалыптастыру мен дамытудың жүйелілігі және сабақтастығы;

4) есеп мазмұнында мәселе көтерілуі;

5) есеп мазмұнының кәсіби бағыттылығы;

6) есеп шығаруды үйретудегі саналылық пен мақсаттылық;

Осының бәрінде де математикалық ойлаудың жеткілікті түрдегі жоғары деңгейін қалыптастыру қажет.

Математикалық сауаттылықтың мақсаты бүгінгі күн талабына сай, жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, тұрақты қызығушылығы бар, алған білімді іс-әрекетте еркін қолдану дағдысы қалыптасқан тұлға.

**Азат Маратович
САПАРГАЛИЕВ,
«Bayterek 2050» жекеменшік мектебі-
нің математика пәні мұғалімі.
Алматы қаласы.**

Шынайы өмірге қатысы бар математика заңдылықтары сенімді емес, ал сенімді математика заңдылықтарының шынайы өмірге түк қатысы жоқ.

Альберт Эйнштейн



Ойын арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту



**Хасият Бейсембековна ТУРСУМБАЕВА,
Ы. Сүлейменов атындағы №37 орта
мектеп жанындағы «Нұршуақ» шағын
орталығының педагог-психологы.
Тараз қаласы,
Жамбыл облысы.**

Балабақшадағы тәрбиелеу-оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген.

Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі – тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді.

Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз.

Мектеп жасына дейінгі балалардың

сөздік қорларын дамыту ісінде тәрбиешінің:

- балалардың сөздік қорларын дамыту;
- жаңа сөздерді меңгерту;
- үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет саналады.

Осы аталған міндеттерді тәрбиеші үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде



бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады.



Сөздік қорды дамыту ісін ұйымдастыру жұмысында ойын сабағы ең негізгі орын алады. Тәрбиеші бақылау, заттарды қарау, сурет қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын-сабақтарын ұйымдастыру барысында балалардың сөздік қорларын дамытады.

Арнайы ойын-сабақ және сабақ мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір-бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге

үйретеді. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді. **Ойын** ұйымдастыруда тәрбиеші өзі жетекші бола отырып, балаларды ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып, ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады. Балалардың есте сақтау қабілетін, қиялын, қабылдау қабілетін, зейінін тұрақтандыруға, аңғарымпаздық қабілетін дамытуға арналған **ойындар**:

Төрт құбылыс

Балалар шеңбермен тұрады. Жүргізуші «су» - десе қолдарын алдына созады, «ауа» десе жоғары көтереді, «от» дегенде екі қолын айналдырады, «жер» дегенде қолдарын түсіреді. Кім шатасса ойыннан шығарылады.

Көңілді шеңбер

Балалар шеңбер жасап отырады. Бір-біріне мұқият қарайды. Жүргізуші белгі бергенде балалар көздерін жұмады. Сол кезде жүргізуші отырған ба-





лаларға әр түрлі заттарды қыстырып қояды (гүл, орамал, көзілдірік, т.с.с.). Балалар көздерін ашқанда не өзгерді? - деп сұрайды. Ең зейінді балаға сыйлық беруге болады.

Орнықты тап

Балалар шеңберге тұрады. Әр бала өзінің жанындағы баланы есінде сақтап, қарап алуы керек. Жүргізушінің бірінші белгісі бойынша, бөлменің жан-жағына тарап кетеді (белгі: шапалақтау, барабанмен беріледі). Екінші белгі бойынша шеңберге бастапқыда қай орында, кімнің қасында тұрғанын есінде сақтап, қайта шеңбер түзеді. Өз орнын таппаған балалар ойыннан шығарылады.

Ойыншықты сипатта

Жүргізуші балаларға қолындағы ойыншықты мұқият қарап алуға ұсынады (1 минут). Алынатын ойыншықтар түрлі-түсті және бөліктері бірнешеу болуы шарт. Ойыншықты жасырып, балалардан сол ойыншықты көргендегі түр-түсі, көлемі, пішіні, дене бөліктерін есінде сақтағанын сипаттап беруді талап етеді. Ойыншықты дәл, нақты сипаттап берген бала ойынды әрі қарай жалғастырады.

Сөзді есінде сақта

Жүргізуші балаларға 7 қосарлы сөздерді оқиды. Балаларға мұқият тыңдау ұсынылады. Бірінші сөзді жүргізуші айтады, балалар келесі сөзді есінде сақтап қайталайды. Осылайша қалған сөздерді түгел айтып шығу керек.

көктем — жаңбыр

жаз — күн шықты

аспан — бұлт

жер — шөп

Сонымен қатар ойын барысында бала үлкендермен, өз құрбыларымен қарым-қатынас жасайды. Әр бала өз жетістігіне қуанып, мәз болады. Сондықтан да ойын-тапсырмаларды таңдауда және іріктеуде балалардың жас және жеке ерекшелігін ескерген жөн.

Тәрбиеші балалармен ойынды (заттармен, үстел үсті және сөздік ойын) үш түрлі етіп өткізуіне болады.

Заттармен ойналатын ойын ойыншықтарды, табиғи заттарды қолдану арқылы өтіледі. Мысалы: «Дәл осындайды тауып ал», «Салыстыр да, атын ата», «Қай ағаштың жапырағы», «Бірдей ойыншықты тап», «Қайсысы көп, қайсысы аз», т.б.

Үстел үсті ойынын ұйымдастыруда домино, лото, суреттер қолданылады. Мысалы: «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды?», «Қай сурет тығылды?», «Бір сөзбен ата», «Кім байқағыш», «Қиылған суреттер», «Ұқсасын тап», «4-ші не артық?», «Есінде сақта».

Ал сөздік ойын арқылы сөзді орында қолдана білуге, дұрыс жауап айтуға, сөз мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйренеді. Мысалы: «Сөз ойла», «Сөз құра», «Жұмбақ ойла», «Жақсы-жаман», «Жалғастыр», «Үш сөз ата».

Сонымен қатар балалардың сөздік қорларын дамыту жұмысына ойындарды қолданумен қатар, «Пішіндер көрмесі», «Өрнекті есінде сақта», «Қиын жолдар», «Суретті жалғастыр», «Биші адамдар», «Көңілді таяқшалар» тәрізді жаттығу тапсырмаларды да пайдаланып отыру өз нәтижесін



берді. Бұл аталған жаттығу, тапсырмалар балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамытады.

Жалпы ойынды ұйымдастыру ойынды өткізуге әзірлік, ойынды өткізу, ойынды талдау сияқты үш бағытты қамтиды. Ойынға қажетті құрал, заттарды даярлау ойынды өткізуге әзірлік болып табылады.

Балаларды ойынның мазмұнымен таныстыру ойынды өткізу болып табылады. Ойынды талдау, бұл ойынның өз мақсатына жетуі, балалардың белсенділігі және олардың іс-әрекеті болып табылады.

Сонымен балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырмаларды жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді.

Міне, сондықтан да оқу-тәрбие үрдісінде әр түрлі ойындар арқылы баланы жан-жақты дамыту ісіне ерекше көңіл бөлемін және бұл менің ең негізгі алдыма қойған мәселем.

Сонымен, баланың сөздік қорын дамытумен қатар, тілін дамыту да ойын арқылы жүзеге асады. Оны төмендегі ойын түрінен көруге болады.

Бала саусағын ойната отырып, тілін дамыту

Саусақ ойыны — бұл ұрпақтан ұр-

паққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық.

Саусақ ойынын балабақшада және үй жағдайында әсерлі, көңілді түрде ұйымдастыруға болады. Алдымен балаларға саусақ ойыны түсіндіріледі, әр қимылы көрсетіледі.

Мысалы: **«Саусақтар сәлемдеседі»** ойынын алайық. Мұнда бас бармақ ұшы әр саусақтың ұшымен кезекпен түйіседі. **«Адамдар келеді»**. Оң қолдың сұқ саусағы мен ортанғы саусақтарын жүгірген тәрізді етіп қимылдатады. Сонымен бірге халық арасында кеңінен тарап жүрген «қуырмаш» ойыны да саусақтардың нәзік қимылын жетілдіруге бағытталған.

Балалар осындай саусақ ойынын ойнай отырып, өлең шумағын қызыға айтады. Мысалы, **«Моншақ»**.

Қызыл-сары көк моншақ.

Мен жасаймын көп моншақ.

Мұнда қатар екі қолдың бас бармағымен сұқ саусақтарының ұшын түйістіре отырып, моншақ тәрізді бейнелейді, әрі оларды тізбектеп жасау балалар үшін өте қызықты әрекет, әрі қол бұлшық етін дамытуға үлкен көмегін тигізеді.

Сонымен саусақ ойындарын жүргізу арқылы балалардың саусақтарының нәзік қимылдары мен бұлшық еттерінің жетілуімен бірге, олардың сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамитын болады және кейін жазу шеберлігін ойдағыдай меңгеруіне дайындайды.



Биология пәнінен оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыру

XXI ғасырдың білім беру моделінің мәселелерін талқылауға педагогика ғылымында ерекше назар аударылды. Ұстаздар білім алушылардың оң көзқарастарын, оқуға деген ынтасын және әр түрлі жағдайларда мінез-құлық стратегияларын дамытуға бағытталған жылдам өзгертін әлемде білім сапасын арттырудың тиімді жолдарын үнемі іздестіруде. Қазіргі таңдағы еліміздегі әр түрлі өзгерістер, тұрақты дамудың жаңа стратегиялық бағыттары және қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы, қарқындылығы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі шешіммен өзгертті. Елімізде білім берудің жаңа үлгісін ендіру тұлғаны дамыту үдерісі ретінде тәрбиеге басты назар аударылуда. Бүгінде биология пәні бойынша оқушылардың функционалдығын арттырудың негізгі процестерін қарастыру танымал бола бастады. Бұл білім берудің қазіргі заманғы стратегиялық міндеттерімен, халықаралық әр түрлі жетістіктер аясында білім деңгейін көтеру қажеттіліктерімен, оқыту нәтижелерінің объективтілігін және мектеп оқушыларының бітіруші түлектері елімізден сырт жерлерде де бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында оқу-

шылардың оқу жетістіктерін бағалауға қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу қажеттіліктерімен сипатталады.

Функционалды сауаттылықтың маңызды құрамдас бөлігі, оның негізгі дағдыларының бірі — жаратылыстану сауаттылығы. Бұл адамның ғылыми дәлелдерге негізделген жаратылыстану құбылыстарын түсіндіру үшін сұрақтар қою, жаңа білімді игеру және алған білімін пайдалану қабілеті. Сонымен қатар, жаратылыстану сауаттылығы — жаратылыстану ғылымдарының негізгі заңдылықтары мен ерекшеліктерін білуді, оның технологиялары қоғамның материалдық, интеллектуалдық және мәдени салаларына әсер ететіндігін түсінуді қамтиды. Биология бағытында функционалды білім беру —жаратылыс әлемі жайлы ой-өрістерінің кеңеюіне, оны қабылдаудың дамуына, қорғау және бағалай білулеріне көмектеседі. Пәнді оқу мен меңгеруде мына нәрселерді түсінуге мүмкіндік алады: қоршаған әлемнің бір-бірімен өзара байланысын; өлі және тірі табиғатта болып жатқан кейбір табиғи құбылыстардың себептерін; жаратылыстану бағытындағы білімнің адам үшін маңыздылығын көрсетеді.

Биология пәні бойынша білім беру



сапасын арттыру үшін оқушылардың шығармашылық қабілеттерін және олардың биологияны оқуға деген қызығушылығын дамыту болып табылады. Жаңа білім беру технологияларын қолдану арқылы биология сабағында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін тапсырмалар жүйесін қолданудың тиімділігін теориялық негіздеу және іс жүзінде тексеру. Мақалада жүргізілетін зерттеу жұмыстарында зерттеу әдістері ретінде теориялық: педагогикалық, салыстыру, жүйелеу, мақсатты тұжырымдау, эссе жазу, «Смарт», «Миға шабуыл» әдістері, «Полиглот» ойыны

мен педагогикалық бақылау, сауалнамалар, сараптамалық бағалау әдістері пайдаланылды.

Биология пәні бойынша білім беру міндеттері:

- Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылық қабілеттерін қалыптастыру мәселесін зерттеу және талдау және оны шешу жолдарын белгілеу;
- Оқушылардың функционалдық сауаттылық қабілеттерін қалыптастырудағы мұғалім қызметінің ерекшеліктерін анықтау;
- Білім алушылардың функционалдық сауаттылық қабілеттерін қалыптастыруға ықпал ететін тапсырмалар жүйесінің тиімділігін анықтау және эксперименттік тексеру.

Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, функционалдық қабілетін анықтағаннан кейін, «Смарт» әдісі арқылы білім алушыларға үздіксіз жұмыстар жүргізілді. Бұл жерде басты жұмыс — мақсатты тұжырымдау.

Биология пәнін оқытуда оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту кезінде біз жасөспірімдердің ерекшеліктерін ескердік: белсенді дамып келе жатқан және тұрақсыз өзін-өзі бағалау; сынға сезімталдық; жаңа нәрселерді үйренуге және шығармашылық арқылы өзін білдіруге деген ұмтылыс. Жасөспірім кезінде функционалдық сауаттылық қабілеттер оқушының әлеуметтік маңызды іс-әре-





кеті аясында дамиды, оған әлеуметтік өзара әрекеттесудің әр түрлі формалары кіруі керек. Ол қабілеттері оқушының қызығушылық танытатын іс-әрекеттері арқылы ғана жүзеге асырылады.

Биология пәні бойынша білім беру процесінде білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға байланысты мәселелердің барлық спектрін қамтымайды. Әрі қарайғы ғылыми зерттеулердің перспективалы бағыты биология пәні бойынша дайындық деңгейін, жас ерекшеліктерін және ересек жастағы оқушылардың зияткерлік дамуын ескере отырып, негізгі және жоғары мектептерге арналған мектеп

биология курсының барлық бөлімдері бойынша оқыту мен тәрбиелеудің теориясы мен әдістемесін жасаумен байланысты проблемалар болуы мүмкін.

Зерттеу мәселесінің даму дәрежесі туралы жалпы түсінік биология пәні мұғалімдерінің педагогикалық тәжірибесіне жасалған талдауды толықтырады. Бұл тәжірибе биологиядан білім беру процесінде оқушылардың функционалдық сауаттылық қабілеттерін дамыту мәселесі бойынша сауалнама нәтижелерін талдау негізінде ұсынылған.

Қорытындылай келе:

1. Оқушылардың функционалдық



сауаттылық қабілеттерін дамыту мәселесін талдау әлемдік ғылымда зерттелетін проблема бойынша айтарлықтай білім мен тәжірибе жинақталғанын көрсетті;

2. Білім алушылардың функционалдық сауаттылық әлеуетін ашуға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған биология пәнінің оқыту әдістемесі отандық және шетелдік ғалымдардың озық тәжірибесін интеграциялайды, кіші және орта буындағы жасөспірім жастағы білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту қағидаттарына, әдістері мен тәсілдеріне негізделген, білім беру ортасын қалыптастыру шарттарын, биология бойынша шығармашылық тапсырмаларға қойылатын міндетті және ұсынылатын талаптарды ескереді, функционалдық сауаттылық тапсырмалар жүйесі мен білім беру жүйесін қамтиды білім алушылардың функционалдық сауаттылық қызметінің нәтижелерін бағалау;

3. Білім беру практикасында әзірленген әдістемені эксперименттік тексеру, эксперименттік топтағы оқушылардың функционалдық сауаттылық әлеуетін дамыту және шығармашылық қабілеттерін дамыту нәтижелерін салыстырмалы талдау, бақылаумен салыстырғанда шығармашылық қабілеттердің дамуындағы, биологияға танымдық қызығушылықтың артуындағы және биологиядағы білім беру нәтижелерін арттырудағы айтарлықтай айқын динамиканы анықтады;

4. Білім алушылардың функционал-

дық сауаттылық қабілеттерін дамытудың арнайы әдістемесі әзірленді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мамырханова А.М., Есембаева Г.Б. Естественнoнаучная грамотность обучающихся в средней школе по результатам международных исследований: состояние и пути повышения качества (на примере Казахстана) // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. — 2015. — № 6-1. — С. 128-131;
2. Алексашина И.Ю. Формирование и оценка функциональной грамотности учащихся: Учебнометодическое пособие / И.Ю. Алексашина, О.А. Абдулаева, Ю.П. Киселев; науч. ред. И.Ю. Алексашина. СПб.: КАРО, 2019. — С. 160 (Петербургский вектор введения ФГОС ООО).
3. Ковалева Г.С. Формирование функциональной грамотности — одна из основных задач ФГОС общего образования [Электронный ресурс]. Режим доступа: https://vk.com/doc87863782_587173173?hash=10054c8eb856e94163&dl=a2d2f994d89b74c9be (дата обращения 02.03.2021).
4. Функциональная грамотность как методическое понятие [Электронный ресурс]. — Режим доступа:

**Асем Байгазиевна
АБДУАЛИЕВА,
№34 негізгі орта мектептің биология
пәні мұғалімі.
Қарқаралы ауданы,
Қарағанды облысы.**



Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: білім мен ғылым

Сабақтың тақырыбы	XX ғ. 20-30 жылдарындағы білім беру жүйесі мен ғылым <u>Зерттеу сұрағы:</u> Білім мен ғылым саласының қандай жетістіктері мен кемшіліктері болды?
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	8.2.3.3 – XX ғасырдың бірінші жартысындағы білім мен ғылым саласындағы өзгерістерді талдау.
Сабақтың мақсаты	XX ғасырдың бірінші жартысындағы білім мен ғылым саласындағы өзгерістерді талдау;
Құндылықтар	Ұлттық мүдде: Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға үлес қосу; Талап: Жеке және командамен жұмыс істей білу; Ар-ұят: Халқына адал қызмет ету.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Барлығы 10 минут 2 минут 7 минут	1. Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен сәлемдесіп, көңіл-күйлерін анықтау. Тақырып мазмұны бойынша сынып оқушыларын аралас топқа бөлу. «Көрші» әдісі арқылы сәттілік тілеу. 2. «Миға шабуыл» айдары бойынша оқушыларға білім мен ғылым туралы түсінік беретін суреттер топтамасы ұсынылып, төмендегідей сұрақтарды қойылады.	1. Оқушылар тақырып мазмұны бойынша топқа бөлінеді. 2. Сынып оқушылары суреттер бойынша өз ойларын еркін жеткізеді.	1. Мұғалімнің кері байланысы 2. ҚБ «Жарайсың!» «Үздік жауап» Мұғалімнің оқушылар	1. Таратпа материал 2. Тақырыптық суреттер Бас ред. М.Х. Асылбеков,



	• Нені көрдің? • Нені байқадың? • Суреттер арасында қандай байланыс бар? • Қандай ой туындады? Оқушылар жауаптары тыңдалып болған соң, осы сабақта басты зерттелетін мәселеге ойларын шоғырландыруға назар аударылады. Жаңа сабақтың тақырыбы ашылады, сабақ мақсатымен таныстырылады.	Саралау: сұрақтар жеңілден күрделіге қарай қойлады.	жауаптарына кері байланысы.	Қ.С. Алдажұманов, К.М. Байпаков. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінгі күнге дейін. 5 томдық. IV том. — А: Атамұра, 2010 ж.
Сабақтың ортасы Барлығы: 25 минут 10 минут	Зерттеу мен талдау Зерттеу сұрағы: Білім мен ғылым саласының қандай жетістіктері мен кемшіліктері болды? 3. «Бағытталған оқу» әдісі — топтық жұмыс. Топтар бейнематериалмен танысып, қосымша ресурстармен жұмыс жасайды. Ғылым тобы: Республикада кеңестік ғылымның қалыптасуы Білім тобы: Халыққа білім беру ісінің дамуы 4. «Уақыт сызығы» -жұптық жұмыс XX ғ. 20-30 жылдардағы — XXI ғасырдағы білім беру жүйесі мен ғылымның ерекшеліктерін талдап, дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықты анықтайды;	3. Оқушылар бейнематериал мен мәтін бойынша талқылап, алынған ақпараттарды жазу арқылы кейін өз идеяларымен топтар өзара бөліседі.	3. ҚБ «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» - өзара бағалау	3. Тақырыптық бейнематериал
8 минут		Дескриптор - XX ғ. 20-30 ж.ж. ғылым саласындағы өзгерістерді анықтайды. XX ғ. бірінші жартысындағы кеңестік білім беру жүйесінің жетістіктері мен кемшіліктерін талдайды. Мұғалімнің топтардың жауаптарына кері байланыс жасайды;		Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінгі дейін). Бес томдық. III т. — Алматы: «Атамұра», 2010 ж.



7 минут	Сабақтастық №1; Сабақтастық №2; Сабақтастық №3. Басталу уақыты өзгерістер аяқталу уақыты XX ғ. 20 жылдары I----- I ----- I----- I --- XXI ғасыр 5. Жеке жұмыс Оқушылар өздерінің білімдері негізінде кеңестік білім мен ғылымның XX ғасырдың бірінші жартысындағы жетістіктері мен кемшіліктері GROW талдауы жасалады.		4. Жұптар XX ғ. 20-30 жылдар мен XXI білім беру жүйесі мен ғылымның дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықтың анықтайды;	4. «Ең үздік жауап» - өзара бағалау Дескриптор: - білім беру жүйесі мен ғылымның ерекшеліктерін талдайды; - білім беру жүйесі мен ғылымның дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықтың анықтайды Мұғалімнің оқушылар жауаптарына кері байланыс жасайды 5. Тапсырма дескриптор арқылы өзін-өзі бағаланады Дескриптор Қазақстан халқы арасындағы білімдегі кемінде 3 өзгерістерді анықтайды; - 3 ұпай Жоғарғы оқу орындардағы кемінде 3 өзгерістерді сипаттайды;	Суреттер топтама-сы 4. Уақыт сызығы кесте    Қазақстан жастарының 1920-30 жылдардағы сауатсыздықты жоюуына қатысуы http://repository.enu.kz/handle/123456789/356 Б.Ғ. Аяған, Х. М. Әбжанов, Д. А. Махат.
	Мақсат (Goal)	Қазақстанда халыққа білім беру жүйесін өзгертудегі мақсат қандай?	5. Оқушылар өздерінің білімдері негізінде кеңестік білім мен ғылымның XX ғасырдың бірінші жартысындағы жетістіктері мен кемшіліктері GROW талдауы жасалады		
	Шынайылығы (Reality)	Білім берудегі реформалардың жүзеге асырылуы (ағымдағы жағдайды талдау)			
	Опциялар (Options)	(мәселенің күшті әлсіз жақтарын анықтау)			
	Қорытынды (What)	қорытынды жасау, ұсыныс, шешімдерді көрсету			



			- 3 ұпай Ғылымдағы кемінде 3 өзгерістерді анықтайды; - 3 ұпай Қорытынды жазады — 1 ұпай	Қазіргі Қазақстан тарихы. — Алматы: Раритет, 2010 5. ҚБ парағы
Сабақтың аяғы Барлығы 10 минут 5 минут	6. Сабақты қорытындылау «Ой жалғау» Оқушыларға тақырып бойынша берілген ойды жалғастыруды ұсыныңыз 1. Білім беру реформалары қазақ қоғамына әсері..... 2. Білім беру реформаларының басты жаңалықтар..... 7. Үйге тапсырма XX ғасырдың бірінші жартысындағы білім мен ғылым саласындағы өзгерістерді анықтау 8. Кері байланыс «Сыныптан шығу билеті» Ризамын... (өзің орындаған қай жұмысқа ризасың?) Ойланамын... (бүгінгі сабақ бойынша не туралы ойланасың?) Түзетемін... (бүгінгі орындаған тапсырмаңыз, сабаққа қатысуыңыз бойынша нені түзетесіз?)	6. Оқушыларға тақырып бойынша берілген ойды жалғастырып, ойды аяқтайды. 7. Оқушылар тақырып бойынша не түсінгенін, өз жұмысынан не түзету керектігін жазады 8. XX ғасырдың бірінші жартысындағы білім мен ғылым саласындағы өзгерістерді анықтау	6. Мұғалімнің кері байланысы 7. ҚБ «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» 8. Мұғалімнің кері байланысы ҚБ «Екі жұлдыз, бір ұсыныс»	6. Үлестірмелі қағаздар 7. Уақыт сызығы 8. Шығу билеті

Бахтыгул Келдибаевна КАДИРОВА,
«№22 орта мектебі» КММ-нің тарих пәні мұғалімі.
Ақбасты ауылы,
Арал ауданы,
Қызылорда облысы.

Қазақстандағы 1920—1930 жылдардағы индустрияландыру

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты	8.4.2.1 Қазақстандағы индустрияландырудың жетістіктері мен кемшіліктерін талдау			
Сабақтың мақсаты	Қазақстандағы индустрияландырудың жүру барысы мен ерекшеліктерін анықтап, нәтижесін талдайды			
Құндылықтар	Ұлттық мүдде: Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға үлес қосу; Талап: Жеке және командамен жұмыс істей білу; Ар-ұят: Адал еңбекті құрметтеу; Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейрімділік таныту;			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі//уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру Өзін-өзі тексеру	Ұйымдастыру кезеңі; Сәлемдесу. Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру. Смайлик арқылы психологиялық ахуал орнату.	Оқушылар өткен тақырыпқа байланысты сұрақтарға жауап береді.	Мұғалімнің кері байланысы	Таратпа материалдар
Өткен білімді еске түсіру	« Сәтті дөңгелек » әдісі арқылы оқушылардың назарына тақырыпқа қатысты суреттері ұсынылады. Келесі сұрақтар төңірегінде сұрақтарға жауап береді: 	Берілген бейнесуретке қатысты қойылған сұрақтарға өз жауаптарын беріп, өз ойларын ортаға салады.	ҚБ: «Мадақтау»	Қосымша №1 https://yandex.kz/images/search?pos=0&from=tabbar&img_url=https%3A%2F%2Fi.pinimg.com%2Foriginal-silteme-degi



	1. Суретте не бейнеленген? 2. Бұл қай кезенді сипаттайды?			«Тоғыз жолдың торабы» Түрксіб темір жолы суреті
Жаңа білім	Ұйымдастыру кезеңі; Сәлемдесу. Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру. Смайлик арқылы психологиялық ахуал орнату. 3. Қандай қорытынды шығара аласыз? 4. Қазақстанды ол кезде кім басқарды? Оқушылардың жауаптары арқылы сабақтың тақырыбына шығу. Оқушыларды сабақтың тақырыбымен, оқу мақсаттарымен және бағалау критерийлерімен таныстыру. «Қазақстандағы индустрияландыру» тақырыбына байланысты бейнебаян көрсетеді. Мұғалім көрсетілген бейнебаян	Оқушылар бейнебаян көреді, бейнебаян бойынша берілген сұрақтарға жауап береді, оқушылар бір-бірінің	ҚБ: «Ең үздік жауап»	Тақырыптық бейнеролики https://www.youtube.com/watch?v=



	«Қазақстандағы индустрияландыру» тақырыбына байланысты бейнебаян көрсетеді. Мұғалім көрсетілген бейнебаян бойынша оқушыларға «Ойлан!» әдісі арқылы сұрақтарға жауап беруді ұсынады. - Қазақстандағы индустрияландырудың қарама-қайшылығы туралы не білесіз? - Қандай дәлелдер келтіре аласың? Жауап іздейік! 1-оқушы: Қазақстандағы индустрияландырудың жетістіктері индустрияландыру жылдары салынған кәсіпорындарды атап, кескін картаға түсіреді 2-оқушы: Қазақстандағы индустрияландыруды SWOT талдау арқылы анықтайды 3-оқушы: Индустрияландыру жылдарындағы	жауаптарын тыңдап, толықтырады. Дескриптор: Қазақстандағы индустрияландырудың жетістіктерін атайды; Кәсіпорындарды картадан түсіреді; Индустрияландырудың мықты жақтарын жазады; Индустрияландырудың мүмкіндіктерін анықтайды; Индустрияландырудың әлсіз жақтарын жазады; Индустрияландыру жылдарындағы кездескен кемшіліктерді анықтау; Дескриптор: Қазақстандағы индустрияландырудың	ҚБ: «Бармақпен» «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы топтар бірін-бірі бағалайды.	VCboftN Nt6w Жалпы білім беретін мектептің 9(8) сыныбына арналған оқулық Қазақстан тарихы (XX ғасырдың басынан Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанға дейін) Авторлары: Кабульдинов З., Шаймерденова М., Куркеев Е. Алматы «Атамұра», 2019 87-96 беттер
--	--	---	---	---



кездескен кемшіліктерді анықтау; 4-оқушы: Қазақстандағы индустрияландырудың қорытындылары Элективті тест <table><tr><th>Тұжырым</th><th>А</th><th>В</th><th>С</th></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table> Жеке жұмыс. «Анықта» әдісі арқылы кесте толтырады. Қазақстандағы индустрияландырудың кемінде жетістіктері мен кемшіліктеріне талдау жасайды; <table><tr><th colspan="2">Қазақстандағы индустрияландыру</th></tr><tr><td>Жетістіктері «+»</td><td>Кемшіліктері «-»</td></tr><tr><td></td><td></td></tr></table>	Тұжырым	А	В	С																					Қазақстандағы индустрияландыру		Жетістіктері «+»	Кемшіліктері «-»			1-жетістіктерін жазады — 1 балл. Қазақстандағы индустрияландырудың 2-жетістіктерін жазады — 1 балл. Қазақстандағы индустрияландырудың 3-жетістіктерін жазады — 1 балл. Қазақстандағы индустрияландырудың 4-жетістіктерін жазады; — 1 балл. Қазақстандағы индустрияландырудың 1-кемшіліктерін анықтайды — 1 балл. Қазақстандағы индустрияландырудың 2-кемшіліктерін анықтайды — 1 балл. Қазақстандағы индустрияландырудың 3-кемшіліктерін анықтайды — 1 балл. Қазақстандағы индустрияландырудың 4-кемшіліктерін анықтайды — 1 балл. Қорытынды жазады — 2 балл	Мұғалімнің кері байланыс арқылы кері байланыс жүреді. Жұптар бірін-бірі бағалайды. «Өзін-өзі бағалау»	Тақырыптық кесте ҚБ парағы
	Тұжырым	А	В	С																													
	Қазақстандағы индустрияландыру																																
	Жетістіктері «+»	Кемшіліктері «-»																															





Бекіту	Кері байланыс «Тик-ток». Мына сұрақтар бойынша жауап береді. Нені білдім, нені үйрендім? Нені толық түсінбедім? Нені білгім келеді?	Оқушы тақырып бойынша не ұнағанын, не қиын болғанын, не түсініксіз болғанын жазады.	Оқушылар бағалау жүйесі арқылы өз бағаларымен танысады.	Презентация А4
Кері байланыс	- Мен барлығын түсіндім, тапсырмаларды орындадым - Мен орташа түсіндім, тапсырмаларды орындауда қиналдым - Ешнәрсе түсінбедім, тапсырмаларды орындауда ... қиналдым.	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады	Оқушылар бағалау критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды	А4, конспект

Жолдасбек Жарасханұлы МАХАМБЕТОВ,
«№22 орта мектебі» КММ-нің тарих пәні мұғалімі.
Ақбасты ауылы,
Арал ауданы,
Қызылорда облысы.




Кеңістіктегі арақашықтықтар

Оқу бағдарламасына сәй- кес оқыту мақсаттары		10.3.5 - нүктеден жазықтыққа дейінгі және айқас түзулер арасын- дағы арақашықтықтарды таба білу.			
Сабақтың мақсаты		Айқас түзулерді сипаттайтын шамалардың мағынасын түсіну. Нүктеден жазықтыққа дейінгі арақашықтықтың ұғымдарын мең- геру. Айқас түзулер арасындағы анықтамаларын білу. Нүктеден жазықтыққа дейінгі ара-қашықтықты табуды білу.			
Құндылықтар		«Жалпыға бірдей еңбек қоғамы» құндылығына: Ұжымдық, жұппен жұмыс орындау барысында құрмет, серіктес- тік және жеке жұмыс орындау кезінде жауапкершілік, үздіксіз оқу құндылықтарын дарыту.			
Сабақ барысы:					
Уақыты/ кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурс- тар	
Ұйымдас- тыру ке- зеңі 5 минут	Сәлемдесу; Сыныптағы оқушылардың көңіл күйлерін сұрап, жа- ғымды ахуал туындату; Оқушыларды түгелдеу; Сабақтың мақсатымен та- ныстыру.	Мұғаліммен сәлемдесу; Сыныпта жағымды ахуал туындату, бір-біріне жақ- сы тілектерін білдіру; Сабақтың мақсатын мұға- ліммен бірге ашу, сұрақ- тар туындаса мұғалімнің көмегіне жүгіну	Ауызша ба- ғалауды қол- данамын «Өте жақсы!» «Жарайсың!»	Тақта; Оқу- лық;	
Сабақтың басы 10 минут	Жаңа сабақты түсіндіру Нүктеден жазықтыққа дейінгі арақашықтық осы нүкте- ден жазықтыққа түсірілген перпендикуляр ұзындығына тең. Барлық геометриялық құрылыстар мен өлшемдер осы анықтамаға негізделген.  1-анықтама. Кеңістіктегі қиылыспайтын екі түзудің ара қашықтығы деп олардың ортақ перпендикулярларының ұзындығын айтамыз. 		Мактау, ма- дақтау арқы- лы бағалау: Жарайсың! Өте жақсы! Жақсы! Керемет!		В.И. Смир- нов; Е.А. Тұяқов. және т.б. Геомет- рия: Жалпы білім беретін мектеп 10-сы- ныпқа арнал- ған оқулық. Мектеп баспасы



	1-теорема. Егер екі айқас түзу параллель жазықтықтарда жатса, онда олардың ара қашықтығы осы параллель жазықтықтардың ара қашықтығына тең. 2-қадам: Сипаттамалық геометрия әдістерін қолданып, нүктеден жазықтыққа дейінгі қашықтықты табу үшін: • жазықтықта ерікті нүкте таңдау; • ол арқылы екі түзу сызу (осы жазықтықта жату); • осы нүктеден өткен жазықтыққа перпендикуляр қалпына келтіру (қиылысатын екі түзуге де перпендикуляр түзу сызу); • берілген перпендикулярға параллель берілген нүкте арқылы түзу сызу; • осы түзудің жазықтық пен берілген нүктемен қиылысу нүктесі арасындағы қашықтықты табу. 2-анықтама. Айқас түзулер арасындағы ара қашықтық деп олардың біреуінде орналасқан нүктеден екінші түзу арқылы өтетін және бірінші түзуге параллель жазықтыққа дейінгі қашықтықты айтады.			
Сабақтың ортасы 25 минут	Бекіту тапсырмаларын орындату №12.1 $ABCD A_1 B_1 C_1 D_1$ тікбұрышты параллелепипедінде $AB=5$, $AD=4$, $AA_1=3$, AC_1 диагоналын табындар.	Есептер шығару №12.2 $ABCD A_1 B_1 C_1 D_1$ бірлік кубындағы A төбесінен келесі жазықтықтарға дейінгі қашықтықты табындар	«Басбармақ» әдісімен бір-бірін бағалау жүргізіледі	Оқулық. Оқу құралдары. Слайд тақта.
	№12.3 Барлық қырлары 1-ге тең $SABCD$ Дұрыс төртбұрышты пирамиданың биіктігін табындар. 12.3 сурет	№12.5 $ABCDEF A_1 B_1 C_1 D_1 E_1 F_1$ дұрыс алтыбұрышты пирамиданың барлық қырлары 1-ге тең. Келесі төбелердің арақашықтығын табындар. А) A және C_1 ; Ә) A және D_1 .	ҚБ: Жұпта өзара бағалау «+», «-», қызықты	Оқулық. Оқу құралдары. Слайд Тақта.
	№12.9 Көпжақтың жақтары тік-бұрыштары бар көпбұрыштар болады. 12.10 сурет.	№12.10 Тікбұрышты призманың табаны ромб, оның қабырғасы 3-ке	ҚБ: Жұпта өзара бағалау «+», «-», қызықты	Оқулық. Оқу құралдары.



	А төбесінен келесі түзуге дейінгі қашықтықты табыңдар: А) B_1C_1; Ә) A_1D_1; Б) B_2C_2. 	Және сүйір бұрышы 60^0-қа тең. призманың бүйір қыры 4-ке тең. призманың кіші диагоналін табыңдар. (12.11 сурет)		Слайд Тақта.
	Тапсырма 1 $ABCD$ ромбының диагональдары 12 см және 16 см. Ромб жазықтығынан тыс орналасқан O нүктесі ромбтың барлық қабырғаларынан 8 см қашықтықта орналасқан. O нүктесінен ромб жазықтығына дейінгі арақашықтықты табыңыз. Тапсырма 2 Тік бұрышы C төбесі болатын ABC тік бұрышты үшбұрышының AC катеті арқылы ABC жазықтығымен 30^0 бұрыш жасайтын жазықтығы жүргізілген. Егер $AC=6$ см, $AB=10$ см болса, онда B нүктесінен жазықтығына дейінгі арақашықтықты табыңыз. Дескриптор: <i>Білім алушы</i> - есеп шартына сәйкес сызбаны сызады; - ромб диагональдарының қасиеттерін қолданады; - Пифагор теоремасын қолданады; - нүктеден жазықтыққа дейінгі арақашықтықты табады.	ҚБ: Жұпта өзара бағалау «+», «-», қызықты	Слайд. Тақта. Бор. Кітап. Дәптер.	
Сабақтың соңы 5 минут	Қорытындылау. Кері байланыс: - Нені білдім, нені үйрендім ... - Нені толық түсінбедім ... - Немен жұмысты жалғастыру қажет - Сабақта қиын болды - Келесі сабақта маған назар аударуым керек.	Сабақты қорытындылау: Өтілген мақсат бойынша сұрақтар қою арқылы сабақты қорытындылаймын. Сабақ соңында оқушылардан рефлексия алу: - тақырып бойынша не білемін? - тағы не білгім келеді? - не істей аламын? Үйге тапсырма: №15,17.	Ынталандыру сөздерін қолдану «жақсы», «жарайсың», «өте жақсы» 1-10 балдық жүйеде бағаланады.	Бағалау парақтары; оқулық;

Балагул Жанбырбаевна КАЛАБАЕВА,
«№22 орта мектебі» КММ-нің математика пәні мұғалімі.
Ақбасты ауылы,
Арал ауданы,
Қызылорда облысы.

Virtual reality: How VR works

Learning objectives	10.5.1.1 – plan, write, edit and proofread work at text level independently on a range of general and curricular topics; 10.4.7.1 – recognise patterns of development in lengthy texts [inter-paragraph level] on a range of general and curricular topics.
Lesson objectives	Learners will be able to: - check their own and others’ writing to ensure that it communicates what they intended and improve the writing if needed -recognize typical features and inappropriacies in word choice, sentence structure, paragraphs and complete texts.
Plan	

Stages / Time	Teachers actions	Students actions	Assessment criteria	Resources
Beginning of the lesson Warming-up  3 min Pre-learning «Brain-storming» method 7 min	Organization moment: 1. Greeting. Ask about the weather. The teacher sets the lesson objectives, letting students know what to anticipate from the lesson. Warm up 1. What have you done this weekend? 2. What's your major? 3. What are your hobbies? 4. What's your favorite food? 5. What's your favorite movies/singer? 6. What place would you like to travel to? 7. What would you do if you had 1 million dollar? 8. What is your plan next year?  revise the vocabulary from the previous <u>Lead – In</u> 	The aim: To develop pupils speaking skills and create friendly atmosphere division into pairs Efficiency: By wishing each other they feel better and feel the support of others <i>Students of the class are listed.</i> <i>Students' attention is drawn to the lesson.</i> • Learners remember previous lesson vocabulary <i>Determines the topic and purpose of the lesson</i> <i>Students say different words from the picture</i> <i>Puzzle Assembly</i>	The teacher to assess learners for their ability. “Good job! Well done!” <i>Formative Assessment</i>  <i>Good job!</i> <u>Descriptor:</u> Total: 1 point Assessment criteria - Learners have met the learning objectives if they can talk about	<i>PPT</i> <i>Pictures</i> <i>Picture</i> <i>Worksheet</i>



Middle of the lesson Presentation part. <i>30 min</i>	Corinth 3d program Ex 1. P: 45. • Introduce vocabulary from the text. Ask Ss to look at the different pieces of equipment and think about what they do. Tell them they can check any they are not sure of in a dictionary or on-line. • Elicit what they do around the class. Ex. 2. P: 45 Focus slide program • Predict information in a text and to listen and read to verify the information Elicit a variety of answers to the question in the rubric from various Ss around the class. Play the recording. Ss listen and follow the text in their books to find out Ex. 3. P: 44 Pop corn method • Read for specific information Ask Ss to read questions 1-5 and then give them	Pupils look at the pieces of equipment below. Answer the question. ANSWERS AVR headset is used to view the VR world. A console runs a game or other software. An HDMI cable transfers audio-visual information • Pupils listen and read. Answer the question. ANSWERS Users put on a VR headset. It is connected to a console either wirelessly or through an HDMI cable. The display shows them the VR world and they listen to sound through the headphones. Controllers allow them to physically interact with the VR environment. They can communicate through their microphone. In the future sensors will detect the movements users make • Pupils read the text again and answer the question. ANSWERS 1. The headset is connected to the console either wirelessly or with an HDMI cable. 2. Our brains get the 3D images from the display 3. The headset follows our movements so that the image changes	Descriptor: - look at the pieces of equipment; - answer the question. Total: 1 point. Descriptor: - listen and read - answer the question Total: 1 point Descriptor: - read the text - answer the question. Total: 1 point	Card picture PPT
--	--	---	--	--------------------------------



	time to read the text again and answer them. Check Ss' answers. Ex. 4. P: 44 Word wall program Consolidate new vocabulary Give Ss time to complete the task and then check Ss' answers. Ex 5. Umbrella method Write a short summary of the text using the words in Ex. 1. The headset covers our eyes and ears completely. The console... Conclusion during the lesson some tasks differentiated by outcomes of the students and by their abilities. Word search	changes depending on where we are looking. 4. We can't hear what is happening in the real world because the headphones block it out. 5. Bodysuits or sensors will make us feel the virtual environment in the future. Pupils match the words in bold in the text. ANSWERS 1) surface = ground 2) audience = people at a performance 3) intrude = interrupt 4) runs = controls 5) images = pictures 6) block out = stop 7) physically = using the body The headset covers our eyes and ears completely. The console...	Descriptor: - match the words in bold in the text Total: 1 point Descriptor: - match the words in bold in the text Total: 1 point - Make puzzle Word search Total: 2 point	
End of the lesson 5 min	FEEDBACK Learners provide feedback on what they have learned at the lesson. Home task: Check the words	Exit Ticket List three things that you learned today. How did you feel about today's lesson?	Poster Success 	

Сабыр Бекболатұлы ЖЕТКЕРГЕНОВ,
«№22 орта мектебі» КММ-нің
ағылшын тілі пәні мұғалімі.
Ақбасты ауылы,
Арал ауданы,
Қызылорда облысы.



Robin Hood

Learning objectives	5.R1 Understand the main points in a limited range of short simple texts on general and curricular topics; 5.R2 Understand with little support specific information and detail in short, simple texts on a limited range of general and curricular topics; 5.S3 Give an opinion at sentence level on a limited range of general and curricular topics.
Lesson objectives	Learners will be able to: - give a limited response showing their opinion, preferences, agreement or disagreement; - identify the topic of a written passage; - summarize a paragraph or a text; - identify specific information; - identify the details of a text.

Lesson plan

Stages of the lesson/ planned timings	Teacher's activity	Student's activity	Assessment	Resources
Beginning Warm-up (2-3 minutes)	Organization moment Teacher greets the students and create positive atmosphere making compliments to the students. Game Forest Animals Charades Writes down the names of forest animals on cards and have students act them out while others guess. Connects this to the setting of Sherwood Forest in the Robin Hood story.	Students greet their teacher, thanks the teacher for the compliments. Ss play a game. One student acts the forest animals on card; the others guess what animal is hidden.	At the organization moment T tries to award active Ss. «<i>The praise</i>» method is used to evaluate Ss with phrases like: <i>“Good job!</i> <i>Well done!”</i> <i>nice effort!</i> <i>Keep it up!</i> <i>You did great!</i>	Handouts



Middle Lead-in activity (5-7 minutes) Pre-teach Blocked Vocabulary (5-8 minutes)	To stimulate interest in the topic and predict the topic of the lesson Activity: "What's in the Bag?" Prepares a bag with items related to Robin Hood (e.g., a toy bow, a picture of a forest, a small crown). Let students feel the items without looking and make predictions about the lesson's topic based on touch. Discusses their guesses and introduce the legend of Robin Hood.	Students feel items in the bag without looking and make predictions about the lesson's topic. Then they discuss their guesses.	Descriptor: A learner - guesses the topic of the lesson.	
Read for gist (8 minutes) Read for detail Follow-up speaking Activity (8-10 minutes)	Activity: Vocabulary Introduction Uses Wordwall.net to introduce and practice essential words related to the Robin Hood story. Includes words such as archer, outlaw, Sherwood Forest, bow, arrow, and steal. Engages students in interactive activities on Wordwall.net to reinforce vocabulary. Activity: Story Overview Presents a simplified version of the Robin Hood story. Asks students to read the story quickly and identify the main idea. Encourages sharing in pairs to check comprehension. Activity: Sherwood Forest Scavenger Hunt	Students practice essential words related to the Robin Hood story. They match with pictures, definitions and unscramble new words on wordwall.net. Students skim the text and identify the main idea of	Descriptor: A learner - matches the words to the definitions Descriptor: A learner - identifies the main idea	Wordwall.net



	Divides the class into small groups. Provides each group with a list of details or facts about Robin Hood hidden around the classroom. Activity: "If I Were Robin Hood" Monologue Asks each student to imagine being Robin Hood. Have them write a short monologue expressing what they would do and how they would help others. Asks students to present their monologue.	the story. They discuss it in pairs and shares as a class. Groups search for the information and discuss to ensure understanding. Students prepare a monologue expressing what he/she would do and how would help others if he/she was Robin Hood. Students take turns presenting their monologues to the class.	Descriptor: A learner - discuss the detail of the story Descriptor: A learner - creates a monologue; - fluency; - accuracy.	
End Reflection: (3 minutes) Homework: (2 minutes)	Activity: Reflect and Summarize Asks students to write down three things they learned, two things they found interesting, and one question they still have about Robin Hood. Collects the responses as a form of exit ticket.	Students write down three things they learned, two things they found interesting, and one question they still have about Robin Hood.		



	Activity: Draw Your Own Hero Assigns students to draw their own hero or heroine with a short description of their character. Encourages creativity and the use of vocabulary learned in class.			
--	--	--	--	--

Аружан Шанжарханқызы ҚАЗЫКЕРЕЕВА,
 «№22 орта мектебі» КММ-нің ағылшын тілі пәні мұғалімі.
 Ақбасты ауылы,
 Арал ауданы,
 Қызылорда облысы.



Білім кілті-Ключ знаний

журналы

Индекс 75487

**Құрметті
оқырман қауым!**

Қолдарыңызға
 тиіп отырған журнал
 мектеп, мектепке
 дейінгі, арнайы,
 жоғары оқу орындары
 мұғалімдері мен
 оқытушыларына, жалпы
 оқырмандарға арналған.
 Журналға «Казпочта»,
 «Ернұрпресс»,
 «Евразия Пресс»,
 «Эврика-пресс» арқылы
 жазылған тиімді.
 Жазылу ай сайын
 жүргізіледі.

Мекен-жайымыз:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2, 13-7.

Басылым индексі	
АБОНЕМЕНТ	
75488	
Білім кілті-Ключ знаний	
	Комплекті саны
2023 жылға, айлары	
кайда	
(почта индексі) (мекен-жайы)	
кімге (аты, жөні)	
ПВ орны	
Тасымалдау карточкасы	
75488	
Басылым индексі	
Бағасы	Жазылу мекен-жайын өзгерту
...теңге	...теңге
...тиын	...тиын
2023 жылға, айлары	
кайда	
(почта индексі) (мекен-жайы)	
кімге (аты, жөні)	